



## Түйткіл

# Той мәдениеті: дәстүр мен талғам таразысы



**Қазақ үшін той – қуаныштың ғана емес, ұлттың салт-дәстүрі мен мәдениетінің көрінісі. Сондықтан той үстіндегі әрбір рәсім, айтылған сөз бен көрсетілген сый-құрмет халықтың талғамы мен тәрбиесін аңғартады.**

Алайда соңғы жылдары қазақ тойының мазмұны мен мәдениеті төңірегіндегі пікірлер жиілей түсті. Дәстүр мен заманауи үрдістің арақатынасы, ысырапшылдық, асабалардың жауапкершілігі, әзілдің шегі мен жалпы қоғам талғамы – бүгінде көпшілікті толғандыратын мәселеге айналып отыр. Осы мәселе өткен аптада қаламызда «Saryarqa Aqparat» медиа-холдингінің қолдауымен облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің ұйымдастыруымен өткен «Той мәдениеті: дәстүр мен талғам» атты дөңгелек үстелде кеңінен талқыланды.

Басқосуда қазақ тойының бүгінгі келбеті, салт-дәстүрдің сақталуы, асабалардың жауапкершілігі, анайы ойындар мен әзілдің шегі, ысырап және қоғам талғамы төңірегінде пікірлер ортаға салынды.

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетінің бас редакторы Еркін Мұсабеков қазіргі той мәдениетіне қатысты мәселені ашық көтеру қажеттігін айтты.

– Бүгінгі қазақ тойы қандай деңгейге жетті? Даму үстінде ме, әлде кері кетіп бара ма? Шынын айтқанда, қазіргі тойларымыздың кейбір көрінісі ұлттық құндылықтарымызға балта шабатын факторлардың біріне айналып бара жатқандай. Той үстіндегі бейәдеп әзілдер, анайы ойындар және басқа да келеңсіз құбылыстар қоғамды алаңдатпай қоймайды, – деді ол.

Дөңгелек үстелде асабалардың мәдениеті мен жауапкершілігі де ерекше сөз болды. «ӘДІЛЕТ» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков той жүргізушілеріне қойылатын талапты күшейту қажеттігін алға тартты.

– Асабаға қойылатын талап жоғары болуы керек. Тойдың берекесін қашыруға, адамды кемсітуге болмайды. Ойнаймын деп от басып, әзіл айтамын деп елді әжуа ету дұрыс емес. Әзіл айтылса, орнымен айтылуы қажет. Ал адамның ар-намысын қорлайтын әрекетке жол берілмеуі тиіс. Мұндай келеңсіздіктердің бір себебі – жүргізушілердің кәсіби және мәдени дайындығының жеткіліксіздігі, – деді Бекзат Алтынбеков.

Ал филология ғылымдарының докторы, профессор Жансая Жарылғапов мәселенің екінші қырына назар аударды. Оның пікірінше, той мәдениетін тек тыйым мен заң арқылы өзгерту қиын.

– Кейбір асабалардың ең үлкен кемшілігі – адамның деңгейі мен ортасын ескере алмауы. Қоғамдағы сұранысты да жоққа шығара алмаймыз. Нарық белгілі бір дәрежеде сол сұранысқа қарай жұмыс істейді. Сондықтан мұндай құбылысты тек заң шығарып немесе тыйым салу арқылы түбегейлі шешу қиын. Ең алдымен қоғамның талғамы өзгеруі керек, – деді ғалым.

Тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, «Тұлғатану» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Жамбыл Жұмабеков бүгінгі қазақ тойын қоғамның өзгеруімен сабақтастыра қарастыру қажеттігін айтты.

– Қазіргі той – қоғамның айнасы. Ежелгі дәстүрлі қоғамда той ауылдық, әулеттік, туыстық сипатта болды. Ол туыстық байланысты бекітетін маңызды рәсім еді. Бүгінде оның сипаты өзгерді. Қазақ тойы бірнеше тарихи кезеңнен өтті. Кеңестік кезеңде көптеген салт-дәстүр өзгеріске ұшырады. Тәуелсіздік алғаннан кейін ұлттық дәстүрге қайта бет бұрдық. Алайда жаһандану мен модернизация қатар келді. Сондықтан бүгінгі қазақ тойын дәстүр мен заманауи мәдениеттің тоғысынан туған гибридік құбылыс деп қарастыруға болады, – деді тарихшы.

ҚМДБ-ның Қарағанды облысы бойынша жауапты маманы, мешіт ұстазы Жүсіп Шұғайұлы тойдағы ысырап мәселесіне тоқталды.

– Алланың берген нығметі көп. Денсаулық, уақыт, мал-мүлік – барлығы аманат. Оларды орныммен пайдалану қажет. Шектен шығу мен ысырапқа жол берілсе, жақсы ниетпен жасалған іс те өз мәнін жоғалтуы мүмкін. Бұл мәселе тек тойға ғана қатысты емес. Өлім-жітім, ас беру рәсімдерінде де ысырапшылдық кездеседі. Кейде адамдар сауап алу мақсатымен әрекет

өтеді, алайда шектен тыс шығын жасау ысырапқа айналып кетеді, – деді Жүсіп Шұғайұлы.

Ал шоумен, асаба Диас Қайрат тойдағы келеңсіз ойындардың пайда болуына сұраныстың да әсері бар екенін жасырмады.

– Әрине, асабалардың да артық кететін кезі болады. Танымал болу, әлеуметтік желіде көп қаралым жинау үшін арнайы ойын ойлап тауып, жұртшылықтың назарын аударуға тырысатындар бар. Бірақ сұраныс болмаса, мұндай ойындар да болмас еді. Кейде той иесіне қарапайым әрі мәдениетті ойындар ұсынылғанда, оны қызықсыз деп қабылдайды. Сондықтан барлық жауапкершілікті тек асабаға арту дұрыс емес. Айыппұл мен тыйым мәселені толық шешпейді. Бұл – қоғам талғамына байланысты мәселе, – деді ол.

Басқосуда айтылған пікірлер бір мәселеге келіп тоғысты: той мәдениетін өзгерту үшін ең алдымен қоғамның талғамы мен жауапкершілігін көтеру қажет. Той – жеке адамның ғана емес, тұтас қоғамның мәдени келбетін көрсететін орта. Сондықтан ұлттық дәстүрді дәріптей отырып, адамның ар-намысын қорлайтын ойындардан, орынсыз әзілден және ысыраптан бас тарту – уақыт талабы.

Дөңгелек үстелді қорытындылаған Еркін Мұсабеков көтерілген мәселелер мен ұсыныстар назардан тыс қалмайтынын айтты.

– Бүгін айтылған пікірлер мен ұсыныстардың барлығын жинақтап, алдағы уақытта нақты тұжырымдама немесе қарар қабылдау мәселесін қарастыруымыз керек. Қажет болса, осы бағытта қоғамдық ұйым құру туралы да ойлануға болады. Қоғам белсенділерінің, өнер адамдарының және айтары бар азаматтардың пікіріне сүйене отырып, бұл мәселені жүйелі түрде жалғастыру қажет, – деді ол.

Қазақ үшін той – қуаныштың ғана емес, тәрбиенің де алаңы. «Тойдың болғанынан боладысы қызық» деп, даңғаза мен дарақылыққа ұрынбай, «тойдың төресі – өнегелі орта» екенін естен шығармасақ, дәстүр де, талғам да өз биігінде қалар еді.

Ерболат ЕРБОЛҰЛЫ

## Тарихи мұра

## Әлихан Бөкейханның әкесі жерленген Талдыбейіт қайта жаңғыртудан өтеді

Ақтоғай – Алаш тарихында айрықша орны бар мекен. Өңірдегі тарихи орындардың бірі – Талдыбейіт. Бұл жерде Алаш қозғалысының көшбасшысы Әлихан Бөкейханның әкесі Нұрмұхамед Мырзатайұлы мен туған інісі Сымахан Нұрмұхамедұлы жерленген. Осы орайда келер жылы Ақтоғай ауданындағы тарихи Талдыбейітте реставрациялық жұмыстар басталады.



|2-бет

## Аудан тынысы

Қарқаралы ауданында автомобиль жолдарын кезең-кезеңімен жөндеу жұмыстары жалғасып жатыр. Биыл аудан үшін маңызды бағыттардың бірі саналатын Тегісшілдік – Көктас жолының 20 шақырымдық учаскесінде күрделі жөндеу жұмыстары басталды. Екі жылға жоспарланған жоба жол төсемін кешенді түрде жаңартып, көлік қатынасының сапасын арттыруды көздейді.

## Жол сапасы – ел игілігі

Жол жөндеу жұмыстары бас-талғалы бері мердігер ұйым тарапынан бірқатар жұмыстар атқарылды. Қазіргі таңда жолдың 7 шақырымында фрезерлеу жұмыстары жүргізіліп, оның 2 шақырымнан астам бөлігіне жаңа асфальт төселді. Жұмыстар бекітілген технологиялық талаптарға сәйкес кезең-кезеңімен орындалып жатыр.

Жол жөндеу кезінде атқарылатын әрбір жұмыстың сапасы маңызды. Себебі жолдың жағдайы тұрғындардың күнделікті жүріп-тұруына ғана емес, елді мекендер арасындағы байланыстың тұрақтылығына, жолаушылар мен жүргізушілердің қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Тегісшілдік – Көктас бағыты аудан тұрғындары үшін маңызы зор жолдардың бірі. Жолдың жаңаруы елді мекендер арасындағы қатынасты

жақсартып, көлік қозғалысына қолайлы жағдай қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Жөндеу жұмыстарының барысы аудан басшылығының тұрақты бақылауында. Жауапты мамандар жұмыстардың сапалы әрі белгіленген мерзімде орындалуына ерекше назар аударып отыр.

Жоба толық жүзеге асқаннан кейін жаңартылған жол учаскесі тұрғындарға қолайлы әрі қауіпсіз көлік қатынасын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Бұл – ауданның жол инфрақұрылымын дамыту бағытындағы маңызды қадамдардың бірі.

Қазіргі таңда Тегісшілдік – Көктас жолындағы жұмыстар белгіленген кестеге сәйкес жалғасып жатыр.

**Қарқаралы ауданы әкімдігінің мәліметінше**



БАСПАСӨЗ – 2025

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Қарқаралы аудандық «Қарқаралы» газетіне екінші жарты жылдыққа жазылу науқаны жалғасуда. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ 87755483523 whatsapp бойынша ресімдеуге болады

Анықтама телефоны: 8-775-548-3523



# Қарқаралы

| Индекс | Санаттар                      | Жазылу бағасы |
|--------|-------------------------------|---------------|
| 65626  | Жеке жазылушылар үшін         | 3435.20 тг    |
| 55626  | Зейнеткерлер үшін             | 2865.20 тг    |
| 15626  | Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін | 4215.20 тг    |

## Әлихан Бөкейханның әкесі жерленген Талдыбейіт қайта жаңғыртудан өтеді



(Соңы. Басы 1-бетте)

Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей Ақтоғайға жұмыс сапары барысында Талдыбейіттің қазіргі жағдайымен танысып, тарихи нысанды қалпына келтіру жоспарын айтты. Облыс әкімі орынбасарының атап өтуінше, Талдыбейітте реставрациялық жұмыстарды келер жылы бастау жоспарланып отыр. Жұмыстардың негізгі мақсаты – тарихи орынның бастапқы келбетін сақтап, кейінгі ұрпаққа аман жеткізу.

Талдыбейіттің тарихы Әлихан Бөкейхан әулетімен тығыз байланысты. Сондықтан бұл нысан Алаш қайраткерінің өмірі мен шыққан ортасын танып-білуге мүмкіндік беретін маңызды тарихи орындардың бірі саналады. Жалпы, Ақтоғай ауданындағы тарихи-мәдени мұраны жаңғырту жұмыстары Беғазы, Жекежал және Талдыбейіт нысандарын біртұтас туристік бағытқа біріктіруге бағытталған.

– Жекежал қыстағындағы қайта қалпына келтіру жұмыстарының барысымен де таныстық. Бұл – Әлихан Бөкейханның алғаш асық атып, ат жалын тартып мінген шағының куәсі болған мекен. 2016 жылы консервациялау, абаттандыру жұмыстары

жүргізіліп, басына тас орнатылған болатын.

Араға 10 жыл салып, қайта жөндеуден өтті. Қыстаудың қабырғалары толық аршылып тазаланды, екі бөлмелі баспана мен оған іргелес орналасқан қора-қопсы қалпына келтірілді. Ал Әлихан Бөкейханның әкесі – Нұрмұхамед, туған інісі – Сымахан жерленген Талдыбейітте реставрациялық жұмыстар келер жылы басталады. Бұл бастамалардың барлығы Ақтоғайдың бай тарихи-мәдени мұрасын сақтап қана қоймай, Беғазы – Жекежал – Талдыбейіт бағыттарын өңірдің жаңа туристік нысандарының біріне айналдыруға мүмкіндік береді. Киелі мекеннің тау-тасын аралап жүріп: «Түп-тамырымызды толыққанды танып-білу арқылы ұлт дамуының көкжиегін кеңейте түсеміз», – деген Мемлекет басшысының сөзі ойға оралды. Ақтоғайдың бай тарихи-мәдени мұрасын дәріптеп, тарих тағылымын келер ұрпаққа аманаттау – бізге парыз. Ал тарихын таныған ел жолынан жаңылмайтыны әлімсақтан белгілі, – деді Әлібек Үсенұлы. Беғазы – Жекежал – Талдыбейіт бағыты алдағы уақытта өңірдің тарихи-танымдық туризм жобасының жаңа нүктесіне айналмақ.

Аяулым СОВЕТ

Мерейлі отбасы

## Ұлағат ұялаған Кернебаевтар әулеті



**Қарқаралының қасиетті топырағынан тамыр тартқан Кернебаевтар әулеті облыстық «Мерейлі отбасы» байқауында 26 отбасының арасынан топ жарып, бас жүлдені иеленді. Өздері бірнеше буын бойы еңбек пен білімді, береке мен бірлікті ту өткен қарашаңырақ. Әулеттің отағасы Сапар Алдоңғарұлы мен отанасы Несібелді Мәкенқызының Қарқаралыда көтерілген шаңырағы бүгінде ғылымға ұмтылған, білімге құштар, ұлттық құндылықты қастерлеген өнегелі әулетке айналды.**

Сапар Алдоңғарұлы – өмірін адал еңбекке арнаған шежірелі өлкенің қарапайым перзенті. Өсімдікті қорғау саласында ұзақ жыл басшылық қызмет атқарды. Агроном болып, астық тапсырудың бесжылдық жоспарын асыра орындағаны үшін Талды ауданы бойынша алғашқылардың бірі болып автокөлікпен марапатталғаны – ерен еңбектің нәтижесі.

Жары Несібелді Мәкенқызы да Қарқаралының білім мекемелерінде көп жыл бас есепші болып еңбек етті. 1949 жылы туған қос жүрек 1972 жылы отау құрып, биыл 54 жылды қатар өткеріп отыр. Бес перзент тәрбиеледі. Төрт қыздың ортасында еркелеп өскен еркін ойлы ұл – Айдын. Қазір бес перзентінен 11 немере, 3 шөбере сүйген ахарлы-шахарлы әулет.

Бүгінде сол киелі қарашаңырақтың түтінін түтетіп отырған Айдын Сапарұлы – философия докторы, қауымдастырылған профессор, Өбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің жетекші ғылыми қызметкері, кәсіпорын экономикасы және менеджменті кафедрасының доценті қызметін атқарады.

Ғалымның зерттеу тақырыбы да әке жолымен сабақтас. Ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіптік кешен, экономиканы жаңғырту. Айдын Сапарұлының ғылыми ізденісінің өзегі. Сапар ақсақалдың маңдай терімен қалыптастырған өнегесі мен ұлағаты ұлының ғылымдағы ізденісіне ұласқан.

Сонымен бірге, Айдынның жары Айжан да білім саласында өзіндік жолын қалыптастырған. Он бес жылға жуық Е.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінде еңбек еткен. Қазір Лев Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты. Докторлық диссертациясын өңірдегі ауыл шаруашылығының тиімділігін арттыру тақырыбына арнап отыр.

1986 жылы дүниеге келген Айдын мен Айжан 2007 жылы шаңырақ көтерген. Бүгінде жиырма жылға жуық отбасылық өмірдің жемісі – бес бала. Бір үйде үш буынның жарасымды тіршілігі де осы шаңырақтың басты байлығы.

Тұңғыштары Алтыар – әкесінің ғылымға деген жолын жалғастырғысы келетін зерделі жас. Биологиядан облыстық олимпиадалардың үш дүркін жеңімпазы.

Үлкен қызы Алиана Назарбаев Зияткерлік мектебінде білім алып, орыс тілінен қалалық олимпиадалардың жүл-

дегері атанған. Кіші қызы Ханшайым Әлихан Ермекулы атындағы лицейдің алтыншы сыныбын аяқтап, биыл жоғары нәтижемен Назарбаев Зияткерлік мектебіне қабылданды. Ал Әбухайыр мектеп табалдырығын алғаш аттады.

2025 жылы дүниеге келген бесінші перзентіне Дінмұхаммед деген есім берілді. Бұл – «Дінмұхаммед Қонаевтай қайраткер әрі әнші Димаш Құдайбергенов дара болсын!» деген ата-ананың ақ тілегі.

Балалардың әрқайсысы – өзінше бір әлем. Бірі ғылымға ұмтылса, бірі спортқа, әнге, биге, суретке, домбыраға жақын. Десе де, бәрін біріктіретін бір дүние бар. Ол – ізденіс. Отбасында білім мен өнер қатар жүреді. «Өнерлі өрге жүзер» дегендей, балалардың өнерге деген талпынысы да отбасының рухани тынысын кеңейтіп тұр. Дастарқан басындағы әңгіме де, үлкеннің батасы да, домбыраның үні де тәрбиенің бір бөлшегіне айналған.

– Біз үшін отбасы бір үйде өмір сүру ғана емес, ол – ортақ арман, өзара қолдау және үздіксіз даму жолы. Балаларымызды адалдыққа, еңбекқорлыққа және мейірімділікке баулимыз. Себебі тәрбиенің ең үлкен мектебі – отбасы, – дейді Айдын Сапарұлы.

Бес баланы тәрбиелеп отырған Айдын мен Айжан мемлекет тарапынан көрсетілетін көпбалалы отбасыларға арналған әлеуметтік қолдаудан да тыс қалған емес. Олар тиісті жәрдемақыны алып отыр. Айдын Сапарұлы мұндай көмектің бала тәрбиесі мен отбасының тұрмысына берер септігін оң бағалайды.

– Мемлекет тарапынан көрсетіліп отырған қолдауға ризамыз. Мұндай көмек көпбалалы отбасылар үшін маңызды. Дегенмен, отбасының ең үлкен тірегі – өз еңбегі, жауапкершілігі мен бірлігі, – дейді ол.

Ал, «Мерейлі отбасы» ұғымын «Бірлігі берік, үлкені өнеге, кішісі ізетті, баласы білімді, шаңырағында мейірім мен сыйластық орнаған, қоғамға пайдасы тиетін отбасы» – деп түйіндейді Айдын Сапарұлы.

Киелі Қарқаралының топырағында еңбек еткен Сапар ақсақал мен Несібелді апаның өнегесі бүгінде ғылымға, білімге, ұлттық тәрбиеге ұласқан. Әулеттің басты мерейі – бірлігі мен сыйластығы, мұрасы – білімге, ғылымға құштар ұрпағы.

Жәлел ШАЛҚАР

Ауыл тынысы

## Қоянды ауылындағы электр желілері жаңғыртылуда

**Ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен тұрғындардың тұрмыс сапасын арттыруда инженерлік инфрақұрылымның орны ерекше. Елді мекеннің тұрақты дамуы ең алдымен халыққа қажетті коммуналдық және инженерлік жүйелердің қалыпты жұмыс істеуіне байланысты. Соның ішінде электр энергиясымен үздіксіз әрі сапалы қамтамасыз ету – ауыл тұрғындарының күнделікті өмірі үшін аса маңызды мәселелердің бірі.**

Осы бағытта Қоянды ауылында электр желілерін жаңғырту және электрмен қамту жүйесінің сенімділігін арттыру бойынша бірқатар жұмыстар жүзеге асырылды. Атқарылған жұмыстар елді мекеннің электр инфрақұрылымын кезең-кезеңімен жаңартып, тұрғындарға көрсетілетін коммуналдық қызметтердің сапасын жақсартуға бағытталған.

Жақында Қарқаралы ауданы Егіндібұлақ РЭС-інің қызметкерлері Қоянды ауылында электр желілерін жаңарту жұмыстарын жүргізді. Жұмыс барысында тозығы жеткен, пайдалану мерзімі өткен электр бағаналары жаңасына ауыстырылды. Бұл – электр желісінің қауіпсіздігі мен беріктігін қамтамасыз етудегі маңызды шаралардың бірі.

Уақыт өте келе табиғи жағдайлардың, жел мен жауын-шашынның әсерінен электр желілерінің тірек бағана-

ларының техникалық жағдайы нашарлауы мүмкін. Сондықтан оларды уақытылы жаңарту – электр желісінің тұрақты жұмысын қамтамасыз етумен қатар, төтенше жағдайлардың алдын алуға мүмкіндік береді. Жаңа бағаналардың орнатылуы желілердің сенімділігін арттырып, электрмен жабдықтау жүйесінің ұзақ мерзімді әрі қауіпсіз жұмыс істеуіне негіз қалайды.

Сонымен қатар ауылдың Сарыарқа және Талды көшелеріне СИП кабелі арқылы жаңа электр желісін тарту жұмыстары жүргізілді. Заманауи СИП кабелін қолдану электр желілерінің қауіпсіздігі мен сенімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Мұндай жүйе ауа райының қолайсыз жағдайларына төзімділігімен ерекшеленіп, электр энергиясын тұтынушыларға тұрақты жеткізуге жағдай жасайды.

Аталған жұмыстар ауы-



лымыздағы жаңа комплектілі трансформаторлық қосалқы станцияны (КТП) іске қосу жобасы аясында жүзеге асы-

рылуда. Жаңа КТП-ның іске қосылуы Қоянды ауылындағы электрмен жабдықтау жүйесін жақсартуға, электр желілеріне

түсетін жүктемені реттеуге және тұтынушыларды сапалы электр энергиясымен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Бүгінде электр энергиясы тек тұрмыстық қажеттілікті өтеудің құралы ғана емес, елді мекеннің жалпы даму деңгейін айқындайтын маңызды инфрақұрылымдық фактордың бірі. Тұрақты электр қуаты тұрғындардың тұрмыс жағдайын жақсартумен қатар, әлеуметтік нысандардың, шағын кәсіпкерлік субъектілерінің және басқа да нысандардың үздіксіз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді.

Жаңартылған электр желілері ауыл тұрғындарының күнделікті өміріне қолайлылық әкеліп қана қоймай, елді мекеннің инженерлік инфрақұрылымын жаңа деңгейге көтеруге ықпал етеді. Бұл жұмыстар ауылдың қазіргі қажеттіліктерін қамтамасыз етумен қатар, оның алдағы жылдардағы дамуына қажетті инфрақұрылымдық негіз қалыптастырады.

Қоянды ауылында жүзеге асырылып жатқан бұл жұмыстар – елді мекенді абаттандыру мен инфрақұрылымын жетілдіру бағытындағы жүйелі жұмыстардың бір бөлігі. Ауылдың әлеуметтік нысандарын, жол және коммуналдық желілерін, электрмен

жабдықтау жүйесін кезең-кезеңімен жақсарту тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға бағытталған.

Ауылдың көркеюі мен тұрақты дамуы бір күнде жүзеге асатын жұмыс емес. Ол – жоспарлы түрде атқарылатын, уақыт пен жауапкершілікті талап ететін маңызды үдеріс. Осы ретте инженерлік инфрақұрылымды жаңғырту ауылдың болашағына салынған маңызды инвестиция болып табылады.

Алдағы уақытта да Қоянды ауылының инфрақұрылымын жетілдіру, елді мекеннің санитарлық және абаттандыру жағдайын жақсарту, тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстар кезең-кезеңімен жалғасын табады. Негізгі мақсат – ауыл тұрғындары үшін қауіпсіз, жайлы және тұрақты өмір сүруге қолайлы жағдай қалыптастыру.

Қояндының бүгінгі жаңаруы – ауылдың ертеңгі дамуының берік негізі. Электр желілерінің жаңғыртылуы да осы мақсатқа бағытталған нақты жұмыстардың бірі болып табылады.

**Азамат Сөмбірұлы  
ӘУЛЕТБАЕВ,  
Қоянды ауылының әкімі**

Туған өлке

Туған жердің тарихы мен табиғатын таныту – өскелең ұрпақтың бойында елге деген сүйіспеншілікті қалыптастырудың маңызды жолы. Осы мақсатта Тілдер мерекесіне орай Қарқаралы аудандық кітапханасының ұйымдастыруымен «Қарқаралы құшағында: өз өлкенді таныт» атты промо-ролик байқауы өтті.

Руханияттың алтын бесігі саналатын кітапханада ұйымдастырылған шараға ауданымыздың ауылдарынан 30-ға жуық оқушы қатысты. Байқаудың басты мақсаты – жас жеткіншектерді туған өлкенің тарихы мен табиғатын тереңірек танып-білуге ынталандыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту және өздері тұратын жердің көрікті орындарын заманауи форматта насихаттауға мүмкіндік беру.

Байқау барысында оқушылар өздерінің туған жері туралы бейнероликтер әзірлеп, Қарқаралы өңірінің табиғаты, тарихи орындары, көрікті мекендері мен туған өлкенің ерекшеліктерін көпшілікке таныстырды. Жас қатысушылардың жұмыстары олардың ізденісі мен шығармашылық қабілетін, туған жерге

Қарқаралы құшағында: өз өлкенді таныт



деген сүйіспеншілігін аңғартты. Шара барысында қатысушылардың дайындаған бейнероликтері көпшілік назарына ұсынылып, бірге тамашаланды.

Өрбір бейнежаздаба туған өлкенің өзіндік келбеті мен табиғи байлығы, тарихы мен рухани құндылықтары көрініс тапты. Іс-шараға Қарқаралы ұлт-

тық табиғи паркінің ұжымы да қолдау білдірді. Табиғатты қорғау мен туған өлкені насихаттауды мақсат еткен бастамаға атсалысқан парк қызметкерлері байқау жеңімпаздарына бағалы сыйлықтар табыстады.

Мұндай шаралар жас ұрпақтың туған жерге деген құрметін арттырып қана қоймай, олардың шығармашылық ізденісіне жол ашады.

Әсіресе, әлеуметтік желілер мен цифрлық технологияларды тиімді пайдалана отырып, тарихи-мәдени мұраларымыз бен табиғи көрікті жерлерімізді кеңінен таныту – бүгінгі күннің маңызды бағыттарының бірі.

Туған өлкенің тарихын білу, оның табиғатын аялау, көрікті жерлерін көпшілікке таныту – әр азаматтың перзенттік парызы. Ал жас буынның осы бағыттағы белсенділігі Қарқаралының қайталанбас табиғаты мен бай тарихын кейінгі ұрпаққа жеткізуге өз үлесін қосары сөзсіз.

«Қарқаралы аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

ЕСКЕ АЛУ

Мейрханов Қалқаман Хасенұлының өмірден өткеніне бір жылға жуық уақыт болды. Асыл әкеміз, ардақты жан, аяулы әке, қадірлі азаматтың өмірден озғанына қанша уақыт өтсе де, жүрегіміздегі орны ешқашан толмайды. Арада өткен күндер сағынышымызды басудың орнына, керісінше, өзіңізге деген аңсарымызды одан әрі арттыра түсуде.



Сіз біздің отбасымыздың тірегі, шаңырағымыздың берекесі, әрқайсымызға ақылын айтып, жөн сілтеп отыратын қамқоршымыз едіңіз. Өкелік мейіріміңізбен, сабырлы мінезіңізбен, өнегелі сөзіңізбен, адамға деген ізгі ниетіңізбен айналаңызға сыйлы болдыңыз. Сіз барда үйіміздің іші күлкі мен қуанышқа толып, шаңырағымыздың әрбір бұрышынан жылулық сезілетін.

Әрдайым жанымыздан табылып, қуанышымызды бірге бөлісіп, қиындықта демеу болып, ақылыңызды айтып, батамен жолымызды ашып отырушы едіңіз. Біз үшін әкенің орны қандай биік, қандай қастерлі екенін Сізден айырылғанда ғана бұрынғыдан да терең түсіндік. «Әке» деген сөздің өзі асқар таудай биік ұғым екен.

Әкенің мейірімі – балаға медет, ақылы – өмірге жол көрсететін шамшырақ, батасы – ұрпаққа берілген үлкен амат екен. Сіздің әрбір айтқан сөзіңіз, ақылыңыз бен өнегеніз бүгінде біз үшін баға жетпес мұра болып қалды. Сізден қалған жақсы есім, өнегелі өмір, жарқын бейне – біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Артыңызда қалған ұрпағыңыз Сіздің тәлім-тәрбиенізді, ақыл-өсиетіңізді өмірлік жолымызға бағдар етіп, кейінгі ұрпаққа жеткізуге тырысамыз. Сіз бізге тек әкелік мейірім ғана емес, адамды сыйлауды, үлкенді құрметтеуді, кішіге қамқор болуды, елге адал қызмет етуді үйретіп кеттіңіз.

Уақыт өз дегенін жасап, күндер айларға, айлар жылдарға ұласқанымен, жүректегі сағыныштың орны толмайды. Кейде есік ашылып, өзіңіз кіріп келетіндей, жылы сөзіңізді еститіндей, ақылыңызды тыңдайтындай күй кешеміз. Сізбен бірге өткізген әрбір сәт, әрбір өңгіме, әрбір ақыл-кеңес біз үшін қымбат естелікке айналды.

Бүгінде өзіңіз жоқ болсаңыз да, рухыңыз бізбен бірге. Жақсы атыңыз, жарқын бейнеңіз, елге жасаған жақсылығыңыз, отбасыңызға қалдырған өнегеніз ұрпағыңыздың жүрегіңде өмір сүре береді.

Қалқаман Хасенұлының жылдық асы 2026 жылғы 19 қыркүйекте, сағат 13:00-де Қарқаралы қаласы, Құнанбай қажы мешітінің хатымханасында беріледі.

Ағайын-туыс, құда-жекжат, дос-жаран, барша жақын-жуықты марқұмның рухына Құран бағыштап, дұға жасауға шақырамыз.

Сағынышпен еске алушы: балалары.

Табиғат

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің аумағында орманның ең ірі тұрғындарының бірі – бұлан фототұзаққа түсіп қалды. Ұлттық парк қызметкерлерінің айтуынша, сирек кездесетін ірі жануардың фототұзаққа түсуі – табиғат жанаашырлары үшін қызықты әрі маңызды жаңалық.

Бұлан фототұзаққа түсті

Бұланды басқа тұяқты жануарлармен шатастыру қиын. Оның ұзын аяқтары, ірі дене бітімі мен ерекше сыртқы келбеті бірден көзге түседі. Ал аталық бұланның басты ерекшелігі – жалпақ әрі үлкен мүйіздері.

Салмағы бірнеше жүз килограмға жететін бұлан дене тұрқының ірілігіне қарамастан, орман ішінде еркін қозғалады. Ол негізінен орман алқаптарында, сондай-ақ су айдындарының маңында мекендейді. Табиғатта шөптесін өсімдіктермен, бұталар мен ағаштардың жас өркендерімен қоректенеді.

Бұлан – өте сақ жануар. Адамдардан аулақ жүруге тырысатындықтан, оны табиғи ортада кездестіру оңай емес. Сондықтан фототұзаққа түскен бейнесі ұлттық парк аумағындағы жануарлар дүниесінің алуан түрлілігін тағы бір мәрте көрсетеді.

Фототұзақтар жабайы жануарларды бақылауда ма-

ңызды рөл атқарады. Олардың көмегімен мамандар жануарлардың қозғалысын, тіршілік ету ортасын және табиғи жағдайдағы мінез-құлқын зерттей алады. Мұндай бақылау табиғи аумақтардағы жануарлар дүниесін қорғау мен сақтауға да мүмкіндік береді.

Қарқаралының көркем табиғаты көптеген жабайы жануарларға қолайлы мекен болып отыр. Ұлттық парк аумағында жануарлар дүниесін қорғау, олардың табиғи мекен ету ортасын сақтау бағытында жүйелі жұмыстар жүргізіледі.

Ал фототұзаққа түскен бұлан – Қарқаралы табиғатының әлі де талай сырын ішіне бүгіп жатқанын аңғартатын ерекше кадр. Табиғаттағы әрбір жануардың өз орны бар. Оларды қорғау – табиғи байлықты келешек ұрпаққа аман жеткізудің маңызды шарты.

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің мәліметтері негізінде

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Жарлы ауылындағы Нүркен Әбдіров атындағы №10 орта мектеп ұжымы мектепалды сынып тәрбиешісі Мұсаханова Алтынгүл Қайырбекқызына жолдасы, ұлағатшы ұстаз

**Қымбат Құдайбергөнұлы ЖИЕНҚҰЛОВТЫҢ** мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мүшелеріне қайғыларына ортақтаса отырып көңіл айтады.

Қарқаралы аудандық білім бөлімі мен білім беру қызметкерлері кәсіподақ комитеті және Қарабұлақ ауылына қарасты №33 орта мектеп ұжымы осы мектептің ұстазы Төлеутаева Гүлім Төлеутайқызына жолдасы, мектеп күзетшісі Жармағанбетов Төлеутайға, анасы

**Сұлушаш Бақытовна ЖАРМАҒАНБЕТОВАНЫҢ** қайтыс болуына байланысты отбасы мүшелеріне қайғыларына ортақтаса отырып көңіл айтады.

**Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру**

1) Жобаның атауы:

- 2026-2031 жылдарға арналған «Өркен-Кентөбе» ЖШС «Өркен» өкілдігінің Кентөбе кенішіне әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар.

2) аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін өкімшілік-аумақтық бірліктердің тізімі:

- Қарағанды облысы Қарқаралы ауданы Бақты ауылдық округі. Учаскенің географиялық координаттары және әсер ету аумағының географиялық координаттары:
  - Кентөбе кеніші 49°24'14.65 се 76°06'24.20" шб.
- 3) қоғамдық тыңдаулар өткізудің басталатын орны, күні және уақыты:
  - Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты ауыл округі., Бақты ауылы, Тәуелсіздік көшесі, 13 құрылым (ауылдық клуб), 23.10.2026 ж. сағат 12:00.
- 4) Бастамашының реквизииттері және байланыс деректері:
  - «Өркен» ЖШС «Өркен -Кентөбе» өкілдігі, БСН 040342008925, Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданы, Бақты ауыл округі, Бақты ауылы, 30 есептік орам, № 478 құрылымы, тел.: +7 (705) 293-60-79, e-mail: Zarema.Usembaeva@qarmet.kz.
- 5) ықтимал әсерлер туралы есепті құрастырушының деректемелері мен байланыс деректері:
  - «ПРОФЕССИОНАЛ» «Жобалық орталық» ЖШС , БСН 141140017741, ШҚО, Өскемен қ., Протозанов көшесі, 95 ғим., н.п. 7, тел.: +7 777 495 09 74, e-mail: pcrprof@mail.ru.
- 6) қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттармен, содан кейін және жарияланған қоғамдық тыңдаулар хаттамасымен танысу үшін тиісті өкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың) жергілікті атқарушы органының (ЖАО) бірыңғай экологиялық порталына және ресми интернет-ресурсына сілтеме;
  - Қоршаған ортаның жай-күйі және ресурстарды сақтау туралы Ұлттық деректер банкі – <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, «Қоғамдық тыңдаулар» тарауы;
  - «Қарағанды облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ ЖАО сайты («ҚО ТРБ және ТПР» ММ) – <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>, «Қоғамдық тыңдаулар» тарауы.
- 7) жоспарланған қызмет, қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы қосымша ақпарат алу үшін, сондай-ақ жоспарланған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін сұрату үшін электрондық мекенжай және телефон нөмірі (-лері):
  - эл.пошта адресі: pcrprof@mail.ru, Natalya.Fitc@qarmet.kz.
  - телефондар: +7 777 495 09 74, +7 708 386 3563.
- 8) қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның және облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының жұртшылық пен мүдделі жұртшылық қоғамдық тыңдауларға шығарылатын құжаттар бойынша өз ескертулері мен ұсыныстарын қағаз немесе электрондық нысанда электрондық мекенжайы мен пошталық мекенжайына жібереді:
  - қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі
    - «Қарағанды облысының экология департаменті» РММ: karagandy-ecoder@ecogeo.gov.kz, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Бұқар Жырау даңғылы, 47.
    - «ҚО ТРБ және ТПР» ММ ЖАО: expertiza.upr\_krg@mail.ru, Қарағанды облысы, Қарағанды қ., Лобода көшесі, 20.

Zoom конференциясына қосылыңыз

<https://us06web.zoom.us/j/86881651843?pwd=xTPtfRUSKJaZtgho0lvLDaTPdFCTWt.1>

Конференцияның идентификаторы: 868 8165 1843

Кіру коды: 895838

**Объявление о проведении общественных слушаний**

1) наименование проекта:

- Материалы для получения экологического разрешения на воздействие для рудника Кентобе Представительства «Оркен-Кентобе» ТОО «Оркен» на 2026-2031 гг.

2) список административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие и на территории которых будут проведены общественные слушания:

- Бактинский сельский округ Каркаралинского района Карагандинской области.

3) географические координаты участка и географические координаты территории воздействия:

- рудник Кентобе 49°24'14.65 сш 76°06'24.20" вд.

3) место, дата и время начала проведения общественных слушаний:

- Карагандинская область, Каркаралинский район, Бактинский с.о., с. Бақты, ул. Тауелсиздик, строение 13 (сельский клуб), 23.10.2026 г. в 12:00.

4) реквизиты и контактные данные Инициатора:

- Представительство «Оркен-Кентобе» ТОО «Оркен», БИН 040342008925, Карагандинская область, Каркаралинский район, Бактинский с.о., с. Бақты, Учетный квартал 30, строение № 478, тел.: +7 (705) 293-60-79, e-mail: Zarema.Usembaeva@qarmet.kz.

5) реквизииты и контактные данные составителя отчёта о возможных воздействиях:

- ТОО «Проектный центр «ПРОФЕССИОНАЛ», БИН 141140017741, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Протозанова, зд. 95, н.п. 7, тел.: +7 777 495 09 74, e-mail: pcrprof@mail.ru.

6) ссылка на Единый экологический портал и официальный интернет-ресурс местного исполнительного органа (МИО) соответствующей административно-территориальной единицы (областей, городов республиканского значения, столицы), для ознакомления с документами, выносимыми на общественные слушания, а после и с опубликованным протоколом общественных слушаний;

- Национальный банк данных о состоянии окружающей среды и сохранении ресурсов – <https://hearings.ndbecology.gov.kz>, раздел «Общественные слушания»;
- сайт МИО ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» (ГУ «УПРиРП КО») – <https://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat>, раздел «Общественные слушания».

7) электронный адрес и номер(-а) телефона для получения дополнительной информации о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также запроса копий документов, относящихся к намечаемой деятельности:

- адреса эл.почты: pcrprof@mail.ru, Natalya.Fitc@qarmet.kz.
- телефоны: +7 777 495 09 74, +7 708 386 3563.

8)электронныйадресипочтовыйадресуполномоченногооргана в области охраны окружающей среды и местного исполнительного органа областей, городов республиканского значения, столицы, на которые общественность и заинтересованная общественность направляет свои замечания и предложения в бумажной или электронной форме по документам, выносимым на общественные слушания:

- территориальное подразделение уполномоченного органа в области охраны окружающей среды – РГУ «Департамент экологии по Карагандинской области»: karagandy-ecoder@ecogeo.gov.kz, Карагандинская область, г. Караганда, пр. Бухар жырау, 47.
- МИО ГУ «УПРиРП КО»: expertiza.upr\_krg@mail.ru, Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20.

Подключиться к конференции Zoom

<https://us06web.zoom.us/j/86881651843?pwd=xTPtfRUSKJaZtgho0lvLDaTPdFCTWt.1>

Идентификатор конференции: 868 8165 1843

Код доступа: 895838

